

Жаратылыстану 4 сынып

Тест «Жануарлар» тарауы бойынша

1. Тірі ағзалардың арасындағы қарым-қатынас

- А) бәсекелестік В) бейтараптық С) симбиоз Д) сезім мүшелері

2. Зиянсыз жәндіктердің сиыр терісінде тіршілік ету симбиоздың қай түрі

- А) Ағзаның біреуіне жағымды, екіншісіне әсер етпеу. (комменсализм)
В) Екі ағзаға да жағымды. (мутуализм)
С) Біреуіне жағымды, екіншісіне әсерсіз. (амменсализм)
Д) Біреуіне жағымды, екіншісіне жағымсыз. (паразитизм)

3. Сиырдың шөпті басып шаншып кетуі симбиоздың қай түрі

- А) Ағзаның біреуіне жағымды, екіншісіне әсер етпеу. (комменсализм)
В) Екі ағзаға да жағымды. (мутуализм)
С) Біреуіне жағымды, екіншісіне әсерсіз. (амменсализм)
Д) Біреуіне жағымды, екіншісіне жағымсыз. (паразитизм)

4. Бірдей қоректенетін қасқырлар мен түлкілердің бір орманда тіршілік етуі

- А) симбиоз В) бәсекелестік С) бейтараптық Д) ешқайсысы емес

5. Саңырауқұлақтардың ағаш тамырында өсіп, оның шырынымен қоректенуі әрі ағаштың топырақтан қоректік заттарды сіңіруіне көмектесуі.

- А) симбиоз В) бәсекелестік С) бейтараптық Д) ешқайсысы емес

6. Әртүрлі азықпен қоректенетін бұландар мен тиіндердің бір орманда тіршілік етуі.

- А) симбиоз В) бәсекелестік С) бейтараптық Д) ешқайсысы емес

7. Көбелектің даму сатысы

- А) Жұмыртқа, көбелек, қуыршақ, жұлдызқұрт. В) Жұмыртқа, жұлдызқұрт, қуыршақ, көбелек.
С) Қуыршақ, көбелек, жұмыртқа, жұлдызқұрт. Д) Көбелек, қуыршақ, жұлдызқұрт, жұмыртқа.

8. Масаның дамуында неше ұрпақ болады?

- А) 3 В) 4 С) 5 Д) 6

9. Күн энергиясының таралу үдерісі

- А) Өсімдіктер, өсімдік қоректілер, жыртқыштар, күн энергиясы.
В) Күн энергиясы, өсімдіктер, жыртқыштар, өсімдік қоректілер.
С) Өсімдіктер, күн энергиясы, өсімдік қоректілер, жыртқыштар.
Д) Күн энергиясы, өсімдіктер, өсімдік қоректілер, жыртқыштар.

10. Дене тұрқы шамамен 50-60 мм, салмағы 10 грамға жуық түн жануары

- А) тышқан В) кірпі С) ергежейлі боз қосаяқ Д) сұр келес

11. Қорғалжың қорығының Теңіз көлінде ғана ұя салып, жұмыртқа басатын құс

- А) қара дегелең В) қызғылт қоқиқаз С) қоқиқаз Д) дуадақ

12. Елімізде қанша мемлекеттік қорық құрылған?

- А) 7 В) 8 С) 9 Д) 10

13. Өткір тырнағы болмайтын жануарлар тобының атауы

- А) жыртқыштар В) өсімдік қоректілер С) аюлар Д) бүркіттер

14. Даму сатысы төрт сатыдан тұратын бунақденелі

- А) балара В) шегіртке С) қаңқыз Д) көбелек

15. Көбелек пен гүлдің арасындағы қарым-қатынас қандай?

- А) симбиоз В) бәсекелестік С) бейтараптық Д) жыртқыштық

